



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ



ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ

Құрметті отандастар!

Қадірлі депутаттар және Үкімет мүшелері!

Қазақстан Республикасы Конституциясының 59-бабына сәйкес, VII шақырылымдағы Парламенттің үшінші сессиясын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар!

Баршаңызды Парламенттің кезекті сессиясының ашылуымен құттықтаймын! Биыл біз жаңа кезеңге қадам бастық. Халқымыз жалпыұлттық референдумда саяси жаңғыру бағдарын қолдады. Конституциялық реформа Жаңа, Әділетті Қазақстанды құру жолындағы аса маңызды қадам болды.

Еліміздегі саяси жаңғыру енді экономикалық өзгерістерге ұласуға тиіс.

Біз «Азамат – бизнес – мемлекет» арасындағы қатынасты түбегейлі өзгертеміз. Мемлекет, ең алдымен, бәріне бірдей мүмкіндік беріп, әділдік орнатады. Қоғам игілігіне арналған қызмет деңгейі жоғары болуына кепілдік береді. Әлеуметтік жағынан әлсіз топтағы азаматтарға қолдау көрсетеміз. Мүмкіндігі шектеулі жандарға да көмектесеміз. Президент жанындағы Омбудсмен тағайындалады.

Мемлекет экономикалық еркіндікті қолдайды. Бірақ халықты нарық тұрақсыздығының ықпалынан барынша қорғайды. Шағын және орта бизнесті мейлінше дамытады. Енді реформалардың нақты бағдарларына тоқталайын.

2-5

ЕКІ ЕЛ БАСШЫЛАРЫ ПІКІРЛЕСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей президенті Владимир Путинмен телефон арқылы сөйлесті.

Қазақстан мен Ресей президенттері екі мемлекет арасындағы стратегиялық әріптестік пен одақтастық қатынастарын одан әрі дамыту жөнінде пікір алмасты. Әңгімелесу барысында мемлекет басшылары жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асырып келе жатқан үкіметтердің

тиімді өзара іс-әрекетін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Путинге ТМД, АӨСШК саммиттеріне, сондай-ақ қазан айының ортасында Қазақстан астанасында өтетін «Орталық Азия – Ресей» мемлекеттер басшыларының отырысына қатысуға келіскеніне ризашылығын білдірді. Владимир Путин Қасым-Жомарт Тоқаевқа бүгінгі Жолдауында атап өткен ауқымды міндеттерді жүзеге асыруда табыс тіледі. Президенттер тұрақты жұмыс байланыстарын жалғастыруға келісті.

26 МЫҢ БАЛА – БІРІНШІ СЫНЫПҚА

Нұр-Сұлтан қаласында 1-сыныпқа қабылданған 26366 балаға алғашқы қоңырау соғылды. Биылғы басты жаңалықтар: мұғалімдер мен тәрбиешілердің айлық жалақысы көтерілді, оқу жылы ұзартылды және мектептерде бес күндік жұмыс аптасы енгізілді. Үш ауысымды және бала саны көп мектептер санын қысқарту мақсатында ағымдағы жылы екі ауысымда оқитын 23580 оқушы орнына арналған 11 мектеп пайдалануға беріледі.

11

ХАЛЫҚ САНЫ 19 644 067-ГЕ ЖЕТТІ

2022 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша Қазақстан халқының саны 19 644 067 адам болды.

Ұлттық статистика бюросының мәліметтеріне сәйкес, 2021 жылғы санаққа 19 186 015 адам қатысты. Осылайша, өткен 2009 жылғы халық санағынан бері ел халқы 20%-ға немесе 3,2 млн адамға өсті. Бұған халықтың табиғи өсімі, сондай-ақ Қазақстан аумағына көші-қон ағыны ықпал етті.

Алдыңғы санақ қорытындысы бойынша елордада 619 мың адам тұрып жатқан, 2021 жылғы санақ кезінде еліміздің бас қаласы халқының саны 1 миллион 230 мың адамды құрады.


ЖӘРМЕҢКЕДЕ БАҒА ТӨМЕН

Нұр-Сұлтан қаласында 3-4 қыркүйекте өтетін ауыл шаруашылығы жәрмеңкесіне Жамбыл облысы өз өнімдерін ұсынады.

Бұл өңірдің 100-ге жуық кәсіпкері елордаға 495,8 тонна өнімін әкелмек.

Жәрмеңке облыстың ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілеріне өз өнімдерін делдалсыз тікелей өткізуге мүмкіндік беріледі. Өнімдерінің бағасы нарықтағы бағадан 10-20 пайызға төмен болады.

Жәрмеңкелер «Астана-Арена» стадионының жанындағы алаңда 13 қарашаға дейін әр сенбі және жексенбі күндері өтеді. 10-11 қыркүйек күндері өтетін жәрмеңкеде Қызылорда облысының кәсіпкерлері өз өнімдерін ұсынады.



ТАҒЫ БІР
BINOM

6-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



СУРЕТКЕРДІҢ
СЕҢГІРІ

10-БЕТ | РУХАНИЯТ



МУРАЛ МЕН
МҰРА

12-БЕТ | МӘДЕНИЕТ



АХМЕТ АТЫ АСПАНДАҒАН ЖЫЛ

Биыл Алаштың ардақтысы, ұлт ұстазы, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері, қазақ халқының 20-ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тілі білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы, ұлттық жазуың реформаторы, ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толды.

Бүкіл ғұмырын ұлты үшін өлшеусіз еңбек етуге арнаған ұлы тулғаның мерейтойы мемлекеттік деңгейде ғана емес, ЮНЕСКО деңгейінде де атап өтілмек. Міне, осы мерейтой қарсаңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Торғай өңіріне арнайы ат басын бұрып, Аханның туған күні 5 қыркүйекте өтетін шараларға қатысуды жоспарлап отыр.

Биылғы жыл Ахмет аты аспандаған жыл болды. Ахмет еңбектері әр қырынан зерттеп-зерделенумен қатар, кейбір орындар Ахметтің атымен аталды. Мәселен, наурыз айында Қостанай халықаралық әуежайына Ахмет Байтұрсынұлының есімі берілсе, елордада ғалымға арнап ескерткіш тұрғызылып жатыр.

ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ



(Жалғасы. Басы 1-бетте)

БІРІНШІ БАҒДАР. ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ.

Біз экономикамызда қордаланған мәселелерді жақсы білеміз. Мысалы, шикізатқа әлі де тәуелдіміз. Еңбек өнімділігі төмен, инновация жеткіліксіз.

Ұлттық табыстың игілігін жұрттың бәрі бірдей көріп отырған жоқ. Әрине, мұның барлығы – күрделі мәселелер. Бірақ оны шешудің нақты жолдары бар.

Атап айтсақ, бұл – макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, экономиканы әртараптандыру және цифрландыру.

Сондай-ақ шағын және орта бизнес пен адам капиталын дамыту, заң үстемдігін орнықтыру. Сондықтан тың тәсілдер қажет екені сөзсіз. Экономикалық саясатымыздың негізгі мақсаты еш өзгермейді. Оның мәні – сапалық және инклюзивтік тұрғыдан халықтың әл-ауқатын арттыру.

Жаңа экономикалық бағдарымыздың басты басымдықтары мыналар:

– жеке кәсіпкерлік бастамаларды ынталандыру, яғни, мемлекеттік капитализмнен және мемлекеттік экономикаға шектен тыс араласуынан бас тарту;

– бәсекелестікті дамыту, яғни бәріне бірдей мүмкіндік беру; – сондай-ақ ұлттық табысты әділ бөлу.

Мұның бәрі кезек күттірмейтін бірқатар маңызды міндетті шешуді талап етеді.

Бірінші. Бағаны әкімшілік жолмен реттеу тұтас салалардың инвестициялық тарымдылығын төмендетеді.

Сондай-ақ тауар тапшылығын туындатып, елді импортқа тәуелді етеді. Сондықтан баға белгілеу ісіне мемлекеттің араласуынан біртіндеп бас тарту керек. Бәсекелік ортасы жоқ нарықтар ғана бұрынғыдай қала береді. Монополистердің тарифтері қатаң бақылауда болады. Бірақ бақылау жасау орынсыз қысым көрсету деген сөз емес.

Бүгінде мемлекеттік органдардың, соның ішінде күштік құрылымдардың бизнесі тексеруге жаппай кірісіп, бағалар мен тарифтерді төмендетуді талап етуі жиілеп кетті. Құрдақырт үшін жасалатын мұндай әрекеттерді доғару керек. Монополияның табысын шектеу қажеттігі мен инфрақұрылымға инвестиция салуды қамтамасыз ету арасында тепе-теңдікті сақтау маңызды.

Елімізде электр қуатымен қамтамасыз ететін желілердің үштен екісінің, жылу коммуникациясының 57 пайызының және су құбыры желісінің жартысына жуығының тозығы жеткен. Осыдан-ақ біраз жайтты аңғаруға болады. Тарифтерді күшпен ұстап тұрудың соңы соның бәрін кезекпен өшіруге және түрлі апатты жағдайлар туындауына әкеп соқтырады. Осының салдарынан азаматтардың денсаулығына және өміріне қатер төнеді.

Монополиялы нарықтарда «Тарифті инвестицияға айырбастау» деген жаңа тариф саясатына көшу керек. Желілер мен қуат көздерінің тозу деңгейін кемінде 15 пайызға азайту қажет. Тариф инфрақұрылымға қаржы салғаны және ашықтықты қамтамасыз етудің мемлекеттік мониторингі жүйесіне қатысқаны үшін

беріледі. Меншік иесі инвестицияның айтарлықтай бөлігін тарифтің емес, өз қаржысының есебінен салуға тиіс.

Инновация енгізу үшін тиімді ынталандыру шараларын әзірлеген жөн. Сондай-ақ шығыстың бір бөлігін тарифтік сметаның аясында қайта бөлуге және табыстың белгілі бір бөлігін сақтап қалуға рұқсат беру керек. Тарифтерді тоғыспалы субсидиялаудан, яғни бір тұтынушылар үшін бағаны ұстап тұру мақсатымен басқалар үшін бағаны көтеру тәсілінен біртіндеп бас тарту қажет.

Екінші. Экономиканы одан ары монополиясыздандыру үшін нақты институционалдық шешімдер қабылдау қажет. «Конгломерат» ұғымын заң жүзінде айқындап алған жөн.

Нарықтың өзара байланысты субъектілері экономикалық әлеуетін бір жерге шоғырландыру үшін рұқсат алуға міндетті. Олардың барлық мәмілесін, соның ішінде нарыққа тән емес бағаларды қолдану белгілері бойынша жасалған келісімдерін де мұқият тексеру керек. Бірыңғай операторлардың қызметі нарықтың экономиканы дамытуға кері әсер етеді. Сондықтан бұл институтты ретке келтірген жөн. Қазір жұмыс істеп тұрған операторларды бәсекелі ортаға беру қажет немесе монополист деп танып, қызметін монополияға қарсы арнаулы құқық аясында реттеу керек.

Үшінші. Экономиканың тұрақты өсуі салық саясатының түсінікті және болжауға болатындай етіп жүргізілуіне тікелей байланысты. Фискалды реттеу ісін қайта жаңғырту үшін 2023 жылы жаңа Салық кодексі әзірленеді. Оның ең түйткіл-

ді тұсы саналатын салықтық әкімшілендіру мәселесі түгел қайта жазылуға тиіс. Сондай-ақ жұмыс барысында бетпе-бет кездесу мүлдем болмайтын-дай етіп, салықтық бақылау қызметін толық цифрландыру керек.

Тағы бір басымдық – салықтық ынталандыру шараларының тиімділігін арттыру. Ол үшін экономиканың түрлі саласында дифференциалды салық мөлшерлемесіне көшкен жөн. Пайданың технологиялық жаңғыруға және ғылыми әзірлемелерге жұмсалған бөлігіне салынатын корпоративті табыс салығын төмендету немесе одан босату тәсілін енгізу керек. Салық төлеушілерді салықтан жалтаруға құмарлығын азайту үшін арнайы салық режимдерін жеңілдету керек.

Салық жүктемесін төмендету мақсатында ұйымдарды әдейі бөлшектеуге жол бермеу мәселесі жаңа кодексте қарастырылуы қажет. Сауда-саттық заман талабына сай даму үшін мөлшерлемесі ойға қонымды әрі рәсімдері қарапайым бөлшек сауда салығын қолдану аясын кеңейту керек.

Салық реформасы аясында «сөн-салтанатқа салық» салуды енгізген жөн. Мұның орта тапқа қатысы жоқ, бұл салық тек аса қымбат жылжымайтын мүлік және автокөлік сатып алған кезде салынады.

Автокөлік сатып алу кезінде төленетін алым-салық мәселесіне жеке тоқталайын. Кейбір жақын шетелдерден әкелінген автокөліктерге қатысты түйткілдер баршаға мәлім. Заң аясынан тыс қалып отырған мұндай көліктер қоғамдық қауіпсіздікке қатер төндіруде. Заңсыз көлік әкелетін амал-тәсілдің бәрі-

не тосқауыл қою үшін батыл шаралар қабылдау қажет. Ал биылғы 1 қыркүйекке дейін елге әкелінген автокөліктерге қатысты ахуалды реттеу керек. Оларды заңдастыру мақсатында утилизация және алғашқы тіркеу үшін төленетін қаржы көлемін 200-250 мың теңгеден асырмай, бәріне бірдей және бір реттік алым алуды ұсынамын. Бұл – іздеу салынбаған және кеден рәсімдерінен өткен көліктерге ғана қатысты шара.

Төртінші. Салық саясатының тиімді болуы кеден жұмысының ашықтығына тығыз байланысты. Салық және кеден саласындағы ақпараттық жүйелерді толық біріктіру ісін аяқтау маңызды. Келесі мәселе. Тексерушілердің тым көптігі. Олардың теріс әсер еткені белгілі. Сондықтан, шекараға интеграцияланған кедендік бақылау тәсілін енгізу қажет. Кедендік рәсімдеу орталықтары «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істеуге тиіс.

Бесінші. Біз «көрге қарай көсілу» қажет екенін ұмытпауымыз керек.

Бюджет саясатына реформа жасалады. Ақырғы нәтижені дөп басуымыз керек.

Бюджет кодексінде шекті нормативтер бекітіледі. Оны бюджетті жоспарлау және орындау кезінде міндетті түрде ұстану қажет.

Ұлттық қордың қаржысын тиімсіз жұмсау тоқтатылады. Бұл – өте өзекті мәселе. Қордың қаражатын аса қажет инфрақұрылымды дамытуға және еліміз үшін маңызы зор жобаларды қаржыландыруға жұмсаймыз. Бюджет үдерістерін барынша жеңілдету қажет. Мемлекеттік органдардың игерілмеген қаражатты келесі

жылға қалдыруына мүмкіндік беру керек. Сол арқылы олар ақшаны бюджетке қайтарудың тиімсіз тәртібінен құтылады. Сонымен бірге, бюджетке қатысты тәуекелдерді басқару жүйесін іске қосу керек. Бұл жүйе квазимемлекеттік секторды да қамтуға тиіс.

Біз салық түсімін өңірлердің өзіне бере бастадық. Бұл жұмысты жалғастыру қажет. «Халық қатысатын бюджет» жобасы тиімді іске асырылып жатыр. Оның ауқымын кеңейтіп, жобаға аудандық маңызы бар қалалар мен ауылдарды тарту керек. Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы қаржысының кемінде 10 пайызы қайда жұмсалатынын қоғамның өзі айқындауға тиіс. Осы айтылған мәселелерді тиімді жүзеге асыру үшін жаңа Бюджет кодексін қабылдау қажет.

Алтыншы. Кәсіпкерлікті жүйелі түрде қолдау. Бұл жұмыста бәрін басынан бастап реттеу керек. Тапсырма екі жылдан бері орындалмай келеді.

Жүздеген, тіпті мыңдаған заңнамалық құжат пен нұсқаулықты қайта-қайта түзете бергеннен ештеңе шықпайды. Оның орнына ықшам әрі түсінікті жаңа ережелерді бекіткен жөн. Мұндай тәсілді 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап толық енгізу қажет.

Келесі мәселе. Мемлекет қаржылай қолдау жасаған кезде бәсекеге қабілетті шағын және орта бизнес өкілдеріне баса мән береді. Еңбекақы төлеу қорын көбейткен және салық төлемдерін арттырған кәсіпорындарға қолдау көрсетіледі. Бұл – негізгі талап. Сонымен қатар, мемлекеттен көмек алатын бизнес өкілдерін анықтайтын автоматты жүйе

ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ

бірдей мүмкіндік қағидатын іс жүзінде қолдануға жол ашады. Жоғары білім саласындағы реформаларды да осы бағытта жүзеге асырған жөн.

Отандық жоғары оқу орындарының білім сапасы артқан сайын ондағы оқу ақысы да өсе түседі. Сондықтан мемлекет ұлттық бірыңғай тәстілеудің нәтижесіне және басқа да көрсеткіштерге байланысты білім беру гранттарын әртүрлі деңгейде бөлуді жоспарлап отыр. Оның көлемі 30-дан 100 пайыз аралығында болады. Білім алуға жылдық өсімі 2-3 пайыз болатын жеңілдетілген несие де беріледі. Бұл шаралар жоғары білімнің қолжетімділігін арттырып қана қоймай, қоғамда әріптестік және өзара жауапкершілік қағидатын нығайта түседі.

Келесі маңызды мәселе – студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету. Бұл түйткілді шешу үшін жоғары оқу орындарымен және құрылыс компанияларымен мемлекеттік-жекеменшік серіктестік орнату тәсілін барынша енгізу керек. Сондай-ақ барлық мәселенің шешімін табуды мемлекеттің мойнына ілу дұрыс емес деп санаймын. Сол себепті мемлекеттен қаражат алу үшін жекеменшік жоғары оқу орындарының жатақханасы болу шарт. Әрине, мұны оқу орындарынан біртіндеп талап еткен жөн. Студенттердің жекегелеген, әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған санаттары үшін пәтер жалдауға кететін шығынын субсидиялау мүмкіндігін де қарастыруға болады. Жоғары оқу орындары жанындағы эндуамент-қорлар білім беру экожүйесін дамытудың негізгі буынына айналуға тиіс.

Мақсатты капиталдың мұндай қорлары әлемдегі озық университеттерде ғылымды және инновацияны қаржыландырудың өзегі саналады. Еңбек-ақыны нарықтағы жағдайға сай өсіру – халықтың әл-ауқатын арттырудың басты факторы. Мемлекет ең төменгі жалақыны айқындаудың жаңа тәсілін енгізеді. Бұл әдіс оның мөлшерін біртіндеп ұлғайтуға мүмкіндік береді. Мен ең төменгі жалақы деңгейін 60 мың теңгеден 70 мың теңгеге дейін көтеру туралы шешім қабылдадым. Бұл шешім 1,8 миллион азаматтың табысына тікелей әсер етеді.

Біз зейнетақы жүйесін де қайта жаңғыртамыз. Зейнетақының ең төменгі базалық мөлшерлемесін біртіндеп ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызына, ал жоғарғы шегін 120 пайызына



жеткізу қажет. Бұған дейін қабылданған шешімдермен бірге бұл қадам 2025 жылға қарай жиынтық зейнетақы мөлшерін орташа алғанда 27 пайызға көбейтеді.

Сондай-ақ, әлеуметтік талап-тілегін ескере отырып, әйелдердің зейнет жасын 2028 жылға дейін 61 жас деңгейінде қалдырамыз.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының тиімді инвестициялық стратегиясын әзірлеу қажет. Бұл жұмысқа іскерлік абырой-беделі мен кәсіби біліктілігі жоғары мамандары бар жеке компанияларды тартуға болады. Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне де өзгеріс енгізу керек. Біз 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап бала күтімі үшін төлемақы төлеу мерзімін саби бір жарым жасқа толғанға дейін ұзартамыз. Балалардың ең маңызды шағында – саби кезінде ата-аналары жанында көбірек болады.

Әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға жұмыссыз қалғаны үшін төленетін төлемақы орташа айлық табысының 45 пайызына дейін көбейтіледі. Бұл қадам осындай жағдайға тап болған жандарға септігін тигізіп, қызметке тезірек оралуына мүмкіндік береді. Атаулы әлеуметтік көмектің бірыңғай жүйесін құру азаматтардың әл-ауқатын жақсарту ісіндегі маңызды

қадамның бірі болмақ.

2023 жылдан бастап, Отбасының цифрлық картасы және Әлеуметтік әмиян сияқты тәсілдерді енгізу жоспарланып отыр. Осы бастамалар аясында мемлекеттік қолдаудың түрлі шаралары біріктіріледі. Оның бәрі барынша зиянды, ең бастысы, нақты болады әрі алдын ала жасалады.

Жастарға жан-жақты қолдау көрсету – мемлекетіміздің басты міндетінің бірі. Еңбекпен қамтитын түрлі шаралар арқылы келесі жылы 100 мың жасқа жұмыс беруіміз керек. Жастардың кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсетіле бермек. Оларға жеңілдетілген тәртіппен жылдық өсімі 2,5 пайыз болатын шағын 1 қаңтардан бастап бала күтімі үшін төлемақы төлеу мерзімін саби бір жарым жасқа толғанға дейін ұзартамыз. Балалардың ең маңызды шағында – саби кезінде ата-аналары жанында көбірек болады.

Жалпыхалықтық референдумда қабылданған конституциялық өзгерістер Әділетті Қазақстанның символына айналды. Біз Ата заңымызда жер мен табиғи ресурстар халықтың меншігі деген басты қағидатты бекіттік. Бұл – құр сөз емес. Бұл – барлық реформаның арқауы. Әрбір отбасы еліміз пайдаланып жатқан ұлттық байлықтың игілігін көруі керек. Сондықтан мен жариялаған Балалар жылының аясында «Ұлттық қор – балаларға» атты мүлде жаңа бағдарламаны жүзеге асыру өте маңызды деп санаймын.

Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызын балалардың арнаулы жинақтаушы есепшотына аударуды ұсынамын. Қаржы әр бала 18 жасқа толғанға дейін аударылып тұрады, оны мерзімінен бұрын есепшоттан шығарып алуға болмайды. Жинақталған қаржы балалар көмелет жасына толғаннан кейін олардың баспана немесе білім алуына жұмсалатын болады. Бұл қаражат өскелең ұрпақтың үлкен өмірге қадам басыуына мүмкіндік береді.

Қор, шын мәнінде, ұлттық мұрагерлікке ие болып, халқымыздың игілігіне қызмет етеді. Бастаманы мұқият әзірлеу қажеттігін ескере отырып, жобаны 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап іске қосуды тапсырамын. «Самұрық-Қазына» қоры таза пайдасының кемінде 7 пайызын «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына аударатын болады. Бұл – Жаңа Қазақстанның сипатына сай келетін маңызды бастама.

Сондай-ақ табысы мол кәсіпкерлер мен азаматтар қорға демеушілік көрсете береді деп сенемін. Жалпы, адам әлеуетін дамыту – маңызды мәселенің бірі. Осы орайда, шетелден дарынды жандарды елге тарту қажет. Әсіресе, шығармашылық және кәсіпкерлік салада жетістікке жеткен азаматтарды шақыру керек. Мен тиімді көші-қон

саясаты туралы айтып отырмын. Сұранысқа ие болып отырған және жоғары білікті мамандардың тапшылығын азайту қажет. Ғылым, денсаулық сақтау, өндіріс, IT салаларының білікті мамандарына жеңілдік жасалады. Мемлекет оларға елімізде тұрақты тұру үшін виза береді. Шетел кәсіпкерлері он жылға виза рәсімдеп, Қазақстанда тұруға мүмкіндік алады. Бірақ олар экономикамызға 300 мың доллардан астам инвестиция салуы қажет.

Қандастардың көшіп келуіне және ішкі миграцияға қатысты саясат түбегейлі өзгереді. Бұл орайда, демографиялық және экономикалық үрдістерді ескеру керек. Сондай-ақ жалпыұлттық мүддені басшылыққа алу өте маңызды.

Қуатты ұлттың діңгегі – халық. Ең бастысы, азаматтарымыздың денсаулығы мықты, білімі терең болуы керек. Кәсібилік пен еңбекқорлық қоғамымызда ең жоғары орында тұруы керек. Тағы да қайталап айтамын. Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуға тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады. Мен Ұлттық құрылтайда және «Жастар рухының» съезінде бұған арнайы тоқталдым. Біз қарапайым еңбек адамына құрмет көрсетуіміз керек. Қандай кәсіппен айналыссан да, оны сапалы атқару маңызды.

Жастар нақты бір мамандықтың қыр-сырын жетік білуге ұмтылғаны жөн. Өз саласының шеберіне әрдайым сұраныс болады. Өскелең ұрпақ Қазақстанда ғана емес, өзге елдерде бәсекеге қабілетті болуы керек. Көрші мемлекеттің азаматтары шетелге барып, жұмыс талғамай еңбек етіп жатыр. Олар біздің елде де өте жақсы табыс тауып жүр. Шын мәнінде, ең бастысы – адал еңбек. Біз мұны жете түсінетін ұрпақ тәрбиелеуге тиіспіз. Идеология жұмысында осыған баса мән берген жөн.

**ТӨРТІНШІ БАҒДАР.
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ
ІСІН ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУ.**

Экономиканы түбегейлі реформалау үшін мемлекеттік

басқару жүйесіне серпіліс қажет. Жұрт бос сөзден, жарқын болашақ туралы жалынды ұрандардан жалықты. Халық мемлекеттік органдардың өз уәдесін қағаз бетінде емес, іс жүзінде орындағанын қалайды. Саяси қызметшілердің жеке жауапкершілігін арттыра отырып, мемлекеттік басқару жүйесін орталықсыздандыруға баса мән беру керек.

Үкіметтің кейбір құзыреттерін министрліктерге берген жөн. Нақты бір саладағы саясатқа «ұжымдасқан кабинет» емес, нақты бір министр жауап беруге тиіс. Үкімет салааралық мәселелерді шешумен шұғылданыуы қажет. Премьер-Министр Кеңесін мемлекеттік басқару ісінң үздік стандарттарына сай келетін, ықшамды Үкімет аппараты ретінде қайта құру осы бағыттағы алғашқы қадам болмақ. Бұл ішінде өзгерту емес, нақты реформа жасау. Біз орталық мекемелерді оңтайландыру арқылы жергілікті атқарушы органдардың өкілеттігін айтарлықтай кеңейтуіміз керек. Бұл тәсіл қордаланған мәселелерді өңірлерде, ел ішінде шешуге мүмкіндік береді. Жергілікті өзін-өзі басқару мәселелеріне, қоғамдық кеңестердің, пәтер иелері кооперативтері мен мүлік иелері бірлестіктерінің қызметін өзгертуге айрықша назар аудару қажет.

Тұрғын-үйлер мен қала инфрақұрылымын абаттандыру мәселесін қолға алу керек. Фирмалардың сыртқы көрінісі және ішкі инфрақұрылымның қызметі азаматтардың көңілінен шықпайды, елімізді шетелдіктердің алдында ыңғайсыз жағдайға қалдырады. Үкіметке жаңа әкімшілік реформа әзірлеуді тапсырамын. Оған қоса, мемлекеттік органдардың жұмыс нәтижесін жақсартып, жауапкершілігін арттырған жөн.

Бізге сапалық тұрғыдан жаңа мемлекеттік басқарушылар қажет. Мемлекеттік қызметшілерді іріктеу және жұмыстан босату жүйесін заман талабын ескере отырып, қайта жасау қажет. Мемлекеттік қызмет жеке сектордағы кәсіби мамандар үшін барынша ашық болғаны дұрыс. Кадрлық ре-

**Қазақстан Республикасының Президенті
ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ**

Ұлттық қордың қаржысын тиімсіз жұмсау тоқтатылады. Бұл – өте өзекті мәселе. Қордың қаражатын аса қажет инфрақұрылымды дамытуға және еліміз үшін маңызы зор жобаларды қаржыландыруға жұмсаймыз. Мемлекеттік органдардың игерілмеген қаражатты келесі жылға қалдыруына мүмкіндік беру керек. Сол арқылы олар ақшаны бюджетке қайтарудың тиімсіз тәртібінен құтылады. Сонымен бірге бюджетке қатысты тәуекелдерді басқару жүйесін іске қосу керек. Бұл жүйе квазимемлекеттік секторды да қамтуға тиіс



АҚШ КОНГРЕСІ ДЕЛЕГАЦИЯСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ Конгресі Өкілдер палатасының делегациясын қабылдады.

Конгрессмендер Джеймс Панетта және Томас Суоцимен кездесуде қазақ-америка қатынастарын дамыту перспективалары талқыланды. АҚШ Конгресіндегі Қазақстанның достары тобының қызметі аясында парламентаралық байланыстарды нығайтуға ерекше назар аударылды. Мемлекет басшысы АҚШ

конгрессмендерінің сапары парламенттік дипломатияны ілгерілету тұрғысынан маңызды деп атап өтті. Сондай-ақ екіжақты сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықтың қарқынды дамып келе жатқанына көңілі толатынын жеткізді. Президент конгрессмендерге елімізде жүзеге асырылып

жатқан ауқымды реформалар мен Қазақстан халқына арнаған Жолдауының негізгі бағыты туралы айтып берді. Өз кезегінде конгрессмендер Мемлекет басшысына кездесу үшін алғыс айтып, Президенттің ауқымды саяси және экономикалық реформаларды жүзеге асырудағы бастамаларын жоғары бағалады.

LRT ҚҰРЫЛЫСЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов Парламентте БАҚ өкілдерімен кездескенде бас шаһарда атқарылып жатқан жұмыстарды сөз етті.

Журналистер Нұр-Сұлтан қаласының жол-көлік қозғалысына оң әсер етуі тиіс LRT құрылысы туралы әкімнен сұрады.

«LRT жұмысы міне, қы-

рқүйек айында басталады. Бірінші траншпен бюджеттен 20 млрд теңге бөлінді. Бірақ ол жеткіліксіз. Себебі егер тұтастай алатын болсақ, қазіргі уақытта 1 млрд долларға жуық

қаражат жұмсалды. Оның өз міндеттемесі бар. Себебі Қытаймен келісімшарттарға қол қойылған. Ол жерде мемлекеттің өзінің міндеті бар. Біз келісімшартты бұзатын болсақ, онда арбитражда соттасып, біз ұтылып қаламыз» – деп жауап қатты Алтай Көлгінов.

Әкімнің мәліметі бойынша, Қытай тарабы өз міндеттемесін орындап отыр. Қаражат тоқтатылғаннан кейін жұмыс тоқтап қалды.

«Қазір біз көктемде, күзде бюджеттен 3,5 млрд теңге көлемінде банктерге проценттерімен қайтарып отырмыз. Бәрібір мемлекеттің қалтасына салмақ түседі. Сондықтан, бюджеттен бөлеміз деп шешім қабылдадық. Құрылысты аяқтау үшін қазіргі есеппен 570 млн доллар керек» деді әкім.



ӘЙЕЛДЕРДІҢ ОТБАСЫНДАҒЫ РӨЛІ ҚАНДАЙ?

Нұр-Сұлтан қаласының азаматтық бастамалар орталығында әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның ұйымдастыруымен өткен «Әйелдердің рөлін арттыру және өзін-өзі танытуына тең мүмкіндіктер жасау» тақырыбындағы семинар-тренинг барысында дәл осы мәселе кеңінен сөз болды.

Семинар-тренинг барысында комиссия мүшелері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділ мемлекет. Біртұтас ұлт. Гүлденген қоғам» атты Жолдауындағы отбасылық өмірдегі жауапкершілікті күшейту мәселелеріне тоқталды. Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге қолдау көрсету немесе біреудің тарапынан болатын қысымның жолын кесу

әдістері де кеңінен талқыланды. Семинар-тренинг барысында Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне отбасы институтын нығайту мәселелері бойынша енгізілген өзгерістер мен толықтырулар талқыланды. Нұр-Сұлтан қаласы әкімі хатшылығының әйелдері ісі және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиясының хатшысы, бас инспектор Қарлығаш Саркенованың ай-

туынша, отбасыларды өмірлік қиын жағдайдан шығаруға және олардың қауіп-қатер аймағына кіруіне жол бермеуге бағытталған заң жобасын түсіндіру мақсатында әртүрлі сипаттағы тақырыптық іс-шаралар өткізу де жоспарланған.

Кездесу соңында қатысушылар проблемалық мәселелерді шешу бойынша өзара пікір алмасып, алдын алу іс-шараларын өткізу туралы шешім қабылдады.

АКАДЕМИЯ ЖҰМЫСЫНА БАҒА БЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркі академиясының президенті Дархан Қыдырәліні қабылдады. Президентке Халықаралық Түркі академиясының президенті Монғолияның Архангай аймағы, Номғон жазығындағы ғылыми археологиялық экспедиция жұмыстарының нәтижесінде табылған Құтлық Елтеріс қағанға арналған кешен мен жазулар туралы баяндады.



Дархан Қыдырәлінің айтуынша, бұл жазу тарихымызды, адамзат өркениетіне қосқан үлесімізді 50 жылға ілгерілетеді. Сондай-ақ Құтлық қағанның тұсында салынған салтанатты кешеннен таңбалар, түрлі артефактілер де табылған.

Дархан Қыдырәлі Мемлекет басшысына халықаралық академиядағы жұмысының

аяқталып жатқанын жеткізді. Қазақстан Президенті Моңғолияда жүргізген ғылыми археологиялық экспе-

дицияның нәтижелеріне және Түркі академиясының жалпы жұмысына жоғары баға берді.

P.S: Бет қатталып жатқанда Дархан Қуандықұлы Қыдырәлі Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрі лауазымына тағайындалғаны туралы Президенттің Жарлығы шықты. Құттықтаймыз!

ТАҒЫ БІР VINOM МЕКТЕБІ АШЫЛДЫ

Елордада VINOM жаңа буынының бесінші мектеп-лицейі есігін айқара ашты. Қала әкімдігінің ресми сайты хабарлағандай, жаңа мектепке қазақтың көрнекті ағартушысы Ыбырай Алтынсариннің есімі берілді. Ашылу салтанатына Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, қалалық білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазиев және «Білім болашағы» коммерциялық емес ұйымының өкілдері қатысты.

Енді VINOM оқу орындарына білім мен ғылымның дамуына үлес қосқан ұлы тұлғалардың есімдерін алатын болады. Аталмыш мектеп-лицейде оқыту екі тілде жүргізіледі, қабылдау Білім және ғылым министрінің үлгілік қағидалары бойынша жүзеге асырылады. Жобалық қуаттылығы – екі ауысымда 4 мың оқушы орны. Заманауи сын-қатерлерді ескере отырып, мектептің материалдық-техникалық базасы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға мүмкіндік береді.

Білім беру саласындағы МЖӘ пилоттық жобалары елордада өткен жылдан бастап жүзеге асырылуда. Инвесторлар әкімдікпен бірлесіп салған оқу орындары қала тұрғындары арасында белсенді сұранысқа ие. VINOM мектептері желісінің білім беру процестерін басқаруды «Білім болашағы» коммерциялық емес ұйымы жүзеге асыратын болады, оның басты мақсаты – Қазақстан балаларына қолжетімді және сапалы білім алуға тең мүмкін-



діктер беру.

Нұр-Сұлтанда 3 жыл ішінде 34 мектеп салынды. Оқу орындарының құрылысы қаланың барлық ауданында жүріп жатыр. Елордада 2022 жылы тағы 11 мектеп салынады, осылайша 20 мыңнан астам оқушы орны ашылады.

Сонымен қатар, елордада мектеп салу үшін 72 жер учаскесі белгіленді. Жалпы алаңы 120 мың оқушы орнына

(екі ауысымда 240 мың оқушы орны) арналған оқу орындарын салуға мүмкіндік береді. Бұл жер учаскелері әлеуметтік нысандарға қажеттілікті ескере отырып, қаланың барлық ауданында орналасқан. Егжей-тегжейлі жоспарлау жоспарына (егжей-тегжейлі жоспарлау жобасына) әрбір ауданда (шағын аудандарда) оқу орындары болуы үшін арнайы бағыт бекітілді.

«АРҚАР» КӨПІРІ ЖАБЫЛАДЫ

Елорданың негізгі құрғамырының бірі, сол және оң жағалауды жалғастыратын «Арқар» көпірі толық жабылды. Яғни Б.Момышұлы мен Н.Қошқарбаев көшелерінің қиылысында уақытша көлік қатынасы тоқтайды.

Елордалық Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қалалық ПД әкімшілік полиция басқармасының келісімімен «Арқар» М-1 көпірінің және Б.Момышұлы мен Н.Қошқарбаев көшесінің қиылысы толық жабылғанын мәлімдейді.

«Арқар» М-1 көпірі мен жол қиылысы орташа жөндеу жүргізу

үшін 2 қыркүйек сағат 20.00-ден 5 қыркүйек сағат 06.00-ге дейін жабылады.

«Елорда тұрғындары мен қонақтары қала жолдарында кептеліс тудырмас үшін қозғалыс бағытын алдын ала жоспарлауы қажет. Келтірілген қолайсыздықтар үшін кешірім сұраймыз және жөндеу жұмыстарын жүргізуге түсіністікпен қарауды өтінеміз» делінген

көлік басқармасының хабарламасында.

Айта кететіні, 23 тамыздан бастап «Арқар» көпірінің бір бағытында жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Елорданың негізгі көшелерін байланыстыратын көпірдің жабылуы көлік қозғалысына әсер ететіні анық, дегенмен, көпірдік сапасы бәрінен де маңызды.

СЫҢҒЫРЛА, ҚОҢЫРАУ, СЫҢҒЫР ҚАҚ!

1-қыркүйек – Білім күні Қазақстандағы 7,6 мың мектепте 3,7 млн оқушыға қоңырау соғылды. Мектеп табалдырығын алғаш аттаған 400 мың 1-сынып оқушысы мен мектеп бітіруші 170 мың түлек үшін де ерекше күн болды. Алғашқы қоңыраудан бастап білім алуға ұмтылған түлектер қорытынды емтихандарға, университеттерге түсуге және өмірдегі жаңа кезеңнің басталуына дайындалады.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Еліміздегі барлық мектептер, оның ішінде елордадағы мектептер оқушыларға есігін айқара ашты. Соның біріне ҚР Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов Білім күніне арналған салтанатты іс-шараға қатысты. Биыл ол елордадағы №86 мектеп-гимназиясында өтті. Асхат Аймағамбетов балаларды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап, сәт-

тілік тіледі.

«Құрметті әріптестер, ұстаздар, ата-аналар және балалар! Сіздерді Білім күнімен, яғни жаңа оқу жылының басталуымен құттықтаймын. Бұл – бәріміз үшін ерекше күн. Балаларымыздың ата-аналары үшін де ұмытылмас күн, өйткені балапандарымыз мектеп табалдырығын алғаш аттағалы отыр. Бұл – болашаққа жасалған үлкен қадам. Бұл сонымен қатар республикамыздағы 170 мыңнан астам түлек үшін де айрықша күн. Биыл олар ҰБТ мен қоры-

тынды емтиханға дайындалады. Біз түлектерге ҰБТ-ны 4 рет тапсыруға мүмкіндік беретін өзгерістер енгіздік. Грантка түсу үшін түлектер ҰБТ-да екі рет бағын сынай алады. 7,6 мыңнан астам мектепте 3,7 млн-ға жуық бала тәрбиелеп отырған әріптестерімізге, ұстаздарға ерекше алғыс айтқым келеді. Балабақшаларда, мектептерде, колледждерде, қосымша білім беру ұйымдарында қызмет ететін әріптестеріміздің еңбегі орасан зор» деді Асхат Аймағамбетов өз сөзінде.

1 қыркүйекте қазақстандық мектептерге 400 мыңға жуық бала 1-сыныпқа барды. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Бұл былтырмен салыстырғанда 20 мың балаға көп. Жаңа оқу жылында мектеп бітірушілердің саны – 176 мың. Бұл да жоғары сыныпта оқитын оқушылардың рекордтық саны. Сондай-ақ республика бойынша оқушы-



лардың саны алғаш рет 3,6 млн-нан асты.

Оқушылар санының артқанын ескерсек, салынып жатқан жаңа мектептердің саны да жыл сайын көбейіп келеді. 1-қыркүйекте ҚР Президентінің Жолдауы аясында салынған 80-ге жуық жаңа мектеп жұмысын

бастады. 2022 жылдың соңына дейін барлығы 230 мектепті пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев педагогтер мен оқушыларды қолдауға ерекше көңіл бөліп отыр. 2023 жылғы қаңтардан бастап педагогтердің, балабақша тәрбиешілерінің және

басқа да білім саласы қызметкерлерінің жалақысы тағы да 25%-ға өседі.

Еліміздің 7,6 мың мектебінде 380 мыңнан астам мұғалім жұмыс істейді. Президенттің қолдауының арқасында мұғалімдердің жалақысы жыл сайын 25%-ға өсіп отыр.



Бейсенбі күні елорданың барлық мектебінде алғашқы қоңырау сыңғырлады. Білім басқармасының мәліметінше, жаңа 2022-2023 оқу жылында 1-сыныпқа 26366 бала мектеп табалдырығын аттады.

1-СЫНЫПҚА – 26 МЫҢ ОҚУШЫ

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Оқу жылының басында елордада 152 жалпы білім беретін мектеп, оның ішінде 225 мыңнан астам бала (өткен оқу жылында – 215074) контингенті бар 99 мемлекеттік және 53 жекеменшік мектеп жұмыс істейтін болады. Бірінші сыныпқа 26000 бала қабылданды (өткен оқу жылында – 25349).

Алғашқы қоңырауға арналған салтанатты іс-шара Нұр-Сұлтан қаласындағы №81 «Astana English School» халықаралық мамандандырылған гимназиясында өтті. «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» деп аталған салтанатты жиын 1 қыркүйек – Білім күні мерекесіне арналды. Қазақ және ағылшын тілінде жүргізілген жиын шын мәнінде мерекеге айналды. Мектеп ауласында оқушылар сап түзеп, 1-сынып жетекшілері және оқушылары шет ел мамандарымен бірге шақырылды, ҚР-ның Мемлекеттік Туы кіргізіліп, бишілер тобының орындауында «Мен жастарға сенемін» музыкалық көрінісі тамашаланды. Оқушылар мен ұстаздар әннен шашу шашып, бұл күні ұстаздар да, оқушылар да ерекше көңіл күйде болды.

2021 жылдың маусым айында №81 «Astana English School» гимназиясы Халықаралық Бакалавриат бағдарламасы бойынша авторизациядан өтіп,

МҰР – негізгі орта білім беру бағдарламасы рұқсат етілген дүниежүзілік халықаралық мектеп мәртебесін алды, яғни оқу ошағы еліміз бойынша тұңғыш рет халықаралық деңгейдегі тұңғыш мемлекеттік мекеме саналады.

Анықтама үшін: 1200 орынға арналған №81 «Astana English School» гимназиясы 2015 жылдың 1-қыркүйегінде ашылды. Білім ордасының басшысы «Білім беру ісінің үздігі», жоғары санатты ұстаз – Садықова Гүлнар Дінғұатқызы. Мектепте қазіргі заман талабына сай жабдықталған 54 оқу кабинеттері, 2 – мультимедиялық компьютер сыныптары, ғылыми-танымдық және көркем әдебиеттің мол қоры жинақталған кітапхана, спорттық, шығармашылық қасиет» деп аталған салтанатты жиын 1 қыркүйек – Білім күні мерекесіне арналды. Қазақ және ағылшын тілінде жүргізілген жиын шын мәнінде мерекеге айналды. Мектеп ауласында оқушылар сап түзеп, 1-сынып жетекшілері және оқушылары шет ел мамандарымен бірге шақырылды, ҚР-ның Мемлекеттік Туы кіргізіліп, бишілер тобының орындауында «Мен жастарға сенемін» музыкалық көрінісі тамашаланды. Оқушылар мен ұстаздар әннен шашу шашып, бұл күні ұстаздар да, оқушылар да ерекше көңіл күйде болды.

Гимназияда сабақ қазақ және ағылшын тілдерінде оқытылады. Гимназияға 1-11-сынып оқушылары қазақ тілі, математика және ағылшын тілінен тест тапсыру арқылы қабылданды. 7-сыныптан бастап негізгі пәндер ағылшын тілінде оқытылады.

Халықаралық мәртебесін алған гимназия 0-4 РҰР бастауыш білім беру бағдарламасына кандидат болып есептеледі, 5-9 сынып МҰР негізгі орта білім беру бағдарламасы бойынша авторизация алынды, енді осы оқу жылына 10-11 сынып-

тарға DP жалпы орта білім беру бағдарламасын жаңадан енгізу жоспарланып отыр.

Қаладағы №81 «Astana English School» халықаралық мамандандырылған гимназиясында ұйымдастырылған алғашқы қоңырау мерекесіне қала әкімінің орынбасары Есет Байкен қатысты. Жиында сөз алған қала әкімінің орынбасары жиналғандарды мерекелерімен құттықтады.

«Қымбатты, ұстаздар, ата-аналар, қадірменді қонақтар, оқушылар! Баршаңызды 1 қыркүйек – Білім күнімен, дәстүрлі жаңа оқу жылының басталу салтанатымен құттықтаймын! Әсіресе, мектеп табалдырығын алғаш аттаған бірінші класс бұлдіршілері үшін өте қуанышты күн. Болашағына қызмет ететін білім кемесіне мінген балалардың алдында жаңа белес тұр. Бұл – білім мен тәрбиені қатар алатын мектеп биігі, белесі. Биыл елордада 8 000 оқушы мектепті тәмамдаса, 26 000 бұлдіршін мектепке барды. Жылдан жылға білім алушылар қатары көбейіп келеді, ол өз кезегінде мемлекет тарапынан білім алатын оқу ошақтарын салуға, мектеп мәртебесін, мектептегі ұстаздардың мәртебесін көтеру бағытында ауқымды жұмыстардың атқарылып жатқандығын білдіреді.

Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі соңғы 3 жылда 70 мың балаға қосымша 34 жаңа мектеп салғанын айтуымыз қажет. Ол үшін ауысымды мектептерді 2 есе азайтуға мүмкіндік береді.

Жасалған жұмыстар әрі қарай жалғасын табады. Өйткені ол болашағымызға, жақсы игі істерге қызмет ететіндігі даусыз. Бүгін білім алу үшін мектепке келген барша оқушыларға қадамдарыңыз құтты болсын, болашағыңыз жарқын болсын дегім келеді! Әрине, мектептің жүрегі ол – ұстаздар қауымы. Олардың еңбегі өлшеусіз, сондықтан сіздерге күш-қуат пен кәсіби табыстар тілеймін! Ата-аналарды да бүгінгі мерекеміз құттықтағым келеді. Үмітпен жетелеп келген балаларыңыз ертең сенімдеріңізді ақтап, елдің үлкен азаматтары болсын, Білім күні құтты болсын баршаңызға!» деді Есет Берікұлы өз сөзінде.

Салтанатты іс-шарада 1-сынып оқушылары «Аяулы мектебім», «Первоклашки» әндерін орындаса, мектеп мұғалімдері «Тек алға!» әнімен оқушыларды білім алуға жігерлендірді.

1-сыныпқа білім алушылар ағылшын тілі пәнінен тест, психологиялық сынақ, логикалық тапсырмалар орындау арқылы іріктелініп алынады.

Жиын барысында көптен күткен күміс қоңырау соғылды, алғашқы қоңырау соғу рәсімі 1-сынып бұлдіршілері Әлімбек Байкен мен Айдана Мақсұтқа табыс етілді.

Жаңа оқу жылында жаңа мәртебелі статусқа ие болған білім ордасының тәжірибелі ұстаздары мен білікті мамандары оқушыларды білім нәрімен сусындататын болады.

ТЕХНИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚТЫ ТАҢДАҒАҢДАР КӨП

Білім күнінде Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде жаңа оқу жылының салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Индира БЕРЖАНОВА

Университет жаңа оқу жылын биыл да табысты бастады. Оқу ордасы бакалавр, магистратура, докторантураның 6000 студентіне есігін айқара ашты. Биылғы жылы мемлекеттік грантка түскендердің 4000-нан астамы ұлттық университетті таңдап, рекордтық көрсеткіш орнатты.

Мектеп түлектерінің дені, яғни 3 мыңнан астам талапкер техникалық бағыттарды таңдады. Бұл университет

мик, философия ғылымдарының докторы Ғарифолла Есім студенттерге құттықтау сөз сөйледі. Проректорлар университеттің ұлттық және жаһандық рейтингтердегі жетістіктері жайында және QS әлемдік рейтингінде 277-орынды иеленіп, ұлттық рейтингте көш бастап тұрғанын айтты.

Айта кету керек, биыл мемлекет халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларға арналған гранттарды ұлғайтты және Қазақстан азаматтары емес ауыл жастары мен этникалық қазақтарға квоталар бөлді.



тарихында бұрын соңды болмаған оқиға. Үміткерлердің сапалы контингенті «Алтын белгі» иегерлері, халықаралық және республикалық олимпиадалардың жеңімпаздары және басқа да дарынды жастардан құралған.

Салтанатты жиын шымылдық университеттің әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректоры, академик Дихан Қамзабекұлы ашып, 1-курс студенттеріне жылы лебізін білдіріп, білім жолына сәттілік тіледі.

Мерекелік іс-шара барысында академиялық мәселелер жөніндегі проректор Еркін Оңғарбаев, ғылым, коммерцияландыру және интернационалдандыру жөніндегі проректор Жанна Құрманғалиева, акаде-

Осыған байланысты Еуразия ұлттық университеті халықтың әлеуметтік осал топтарынан және шетелдік азаматтар мен этникалық қазақтардың рекордтық санынан (300-ден астам адам) 200-ден астам грант иегерлерін қабылдады. Сонымен қатар, университетте мұқтаж студенттерге қолдау көрсету бойынша әлеуметтік бағдарлама жүзеге асырылуда.

Сондай-ақ студенттерге ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің бейне баяндамасын тыңдау мүмкіндігі берілді.

Мерекелік іс-шара концерттік бағдарламамен жалғасып, студенттер өнерлерін ортаға салды.



МУРАЛДАР ЖӘНЕ ХАЛЫҚ МҰРАСЫ

Елордада аулаларды және қоғамдық кеңістіктерді абаттандырумен қатар ашық аспан астындағы галереялар салынып жатыр. Осы күндері көше өнері қаланы ажарландырудың маңызды бөлшегіне айналды. Муралдар – қала мәдениетінің бір бөлігі. Биыл отандық мәдениет, өнер, ғылым, спорт қайраткерлеріне арналған жаңа муралдар бас қаланың әртүрлі аудандарындағы көппәтерлі үйлердің қасбеттеріне салынды.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Қоғам және мемлекет қайраткері, «Алаш» ұлттық-демократиялық партиясының көшбасшысы, ғалым және публицист Әлихан Бөкейханның бейнесі Тәуелсіздік даңғылы, 38-үйді ажарландырды.

Желтоқсан көшесі, 27 мекенжайындағы үйдің қабырғасына Ұлы Отан соғысы жылдарында ерлігімен, батырлығымен, мергендігімен аты шыққан шығыстың шынарларының бірі, Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың құрметіне мурал пайда болды.

КСРО мен Қаз КСР халық әртісі, Халық қаһарманы Роза Бағланованың 100 жылдық мерейтойына орай М.Жұмабаев даңғылы, 16-үйге әйгілі әншінің бейнесі салынды.

Ж.Жирентаев көшесі, 2 мекенжайындағы үйдің қасбетіне аса көрнекті композитор, Қазақ вальсінің королі, әнұран авторы Шәмші Қалдаяқовтың құрметіне мурал пайда болды.

Қараменде би Шақаұлы көшесі, 1 мекенжайындағы үйдің қасбетіне КСРО және Қаз КСР халық әртісі, аты аңызға айналған опера әншісі Ермек Серкебаевтың құрметіне мурал бейнеленді.

Сондай-ақ Бейбітшілік

көшесі, 62 – «Күн сөнбесін», А.Бараев көшесі, 17 – «Жеті қазына», Бейбітшілік көшесі, 52 – «Сырмақ», Ә.Мәмбетов көшесі, 30 – «Қала тұрғындары», Сарыарқа даңғылы, 42 – «Бүгін анаң хабарластың ба?», Ғ.Мүсірепов көшесі, 7 – «Реае» және т.б. муралдар салынды.

«Біз қаламызда көше өнерін әртараптандыру үшін жұмыс істеп жатырмыз. Муралдар қаланы көріктендіріп, тұрғындарға жаңа эмоцияларды сыйлайды. Мурал – ашық аспан астындағы галерея. Мәдениетте, өнерде, ғылымда, спортта өшпес ізін қалдырған қайраткерлер бейнесі қалаға сән беріп қана қоймай, маңызды оқиғалар

мен мәңгілік құндылықтарды еске салады және өскелең ұрпақтың патриоттық тәрбиесіне атсалысады. Олардың еңбегі халық мұрасына айналды» дейді елорданың Урбанистика орталығының жетекшісі Елнар Базыкөн.

Оның айтуынша, алда ғылымға өлшеусіз үлес қосқан Салық Зимановтың, ағартушы ұстаз Ыбырай Алтынсариннің, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынның, геолог-ғалым Қаныш Сәтбаевтың, көрнекті жазушы Әбіш Кекілбаевтың, әнші әрі композитор Батырхан Шүкеновтің, мәнгерлеп сырғанаушы Денис Теннің және т.б. құрметіне муралдарды салу жоспарланған.

БҰҚАРАЛЫҚ ВЕЛОШЕРУ

Нұр-Сұлтан қаласында велошеруден мерекелік жарыс өтті.

Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Бұқаралық шараға 600-ге жуық елорда тұрғындары мен қала қонақтары қатысты. Велосипедті ертеп мінген қатысушылар қатарында алпыстан асқан, жетпіске жеткен қала тұрғындары да тұрды. Ал ең жас қатысушы – бес жастағы бала болды.

Спорт пен белсенді өмір салтын ұстанған елордалықтар ұзақтығы 20 шақырым жолды еңсерді. Атап айтқанда, Қосшы айналма веложолдан бастау алып, Үркер елді мекенінің «Жасыл белдеу» саябағына дейін жүріп өтті.

Бұқаралық велошеруге қала тұрғындарымен бірге Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Ерлан Бекмурзаев бастаған әкімдік қызметкерлері де белсене қатысты.

Елорда әкімінің орынбасары велошарадан бастап сәтті аяқталуымен және Конституция күнімен құттықтап, аталған шараның бұқаралық спортты дамыту, тұрғындарды жүйелі түрде спортпен шұғылдануға баулу мақсатында ұйымдастырылып, қалада жаппай спорттың дамуына, салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталғанын атап өтті.

Мерекеге орай ұйымдасты-



рылған іс-шараға шетелдік қонақтарда қатысты. Мәселен, Канада елінен келген Самсон Хартман бұл Қазақстандағы алғашқы жарысы екен. Ол мұнда жазғы демалысын өткізу үшін досының үйіне қонаққа келгенін айтты.

Мәре сызығын кесіп өткен барлық қатысушыларына бірдей медаль табыс етіліп, бағалы сыйлықтар табысталды. Қала тұрғындары мен қонақтары кір тасын көтеру, қол күрес, арқан тарту, асық ату сынды ұлттық спорт түрлерінен бақтарын сынап, ұйымдастырушы тарапынан ұсынылған алғыс хаттар мен сыйлықтарға ие болды. Сондай-ақ қатысушылар арасында лотерея ұтысы ойнатылды.

СТЕНД АТУ САЙЫСЫ

Елордада стэнд атудан Қазақстан кубогының үшінші кезеңі мәресіне жетті.

Сұрмергендер спорттың скит және спортинг түрлері бойынша сынға түсті. Қазақстан кубогы үшін таласқа 100-ден аса спортшы қатысты.

«Жарыс барысында ұлттық құрамадағы қыз-жігіттердің шеберлігін байқадық. Жас спортшылар да назарда болды. Жалпы

Фролов және Давид Почивалов сияқты спортшылар жүлдегер атанды. Ал, әйелдер арасында Зоя Кравченко алдына жан салмады. Ал, спортинг түрінде елордалық Қуаныш Күшекбаев жеңімпаз атанды.

Сонымен қатар, стэнд атудың командалық және аралас бағыт-

СОЧИДЕ БАС ЖҮЛДЕ АЛДЫ

24-28 тамыз аралығында Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның классикалық және эстрадалық вокал бөлімінің әртісі Алтыншаш Мұқатаева Сочи қаласында (Ресей) өткен халықаралық «Icon Music Fest» фестиваліне қатысты. Әлемнің түкпір-түкпірінен 100 әртіс қатысқан ән фестивалін 25 мың тыңдарман тамашалады. Фестиваль қорытындысында астаналық әнші Гран-приді, яғни бас жүлдені иеленді.



Жеңіспен оралған Алтыншаш Мұқатаева қала әкімі Алтай Көлгіновтің алғыс хатымен марапатталды. Хатты оған қалалық Мәдениет басқармасының басшысы Санат Шапашов тапсырды.

Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз қаласында дүниеге келген Алтыншаш бала кезінен өнерге құштар болды. Мектептегі байқауларға қатысып, үздік дипломдарға ие болған. Мәнгерлеп оқу, ән айту сынды байқаулардан жүлделі орындарды иеленіп, республикалық байқауларға жолдама алды. 2009 жылы өзі армандаған еліміздің бас қаласына отбасымен бірге қоныс аударды.

«Бәріміз бірдейміз, кемсітуді білмейміз» атты байқауда «Ең үздік орындаушы» аталымы бойынша 1-орынға ие болып, республикалық байқауға жолдама алады. Республикалық байқауға дайындалу мақса-

тында Қарақат Әбдідинаның «Қарақат» мектеп-студиясына түсіп, 4 жыл вокалдан білім алды. 2015 жылы елорда әкімдігі ұйымдастырған «Шексіз шығармашылық» атты фестивалге қатысып, жоғарғы дәрежедегі дипломмен марапатталды. 2016 жылы музыкалық білімін шұғылдану мақсатында Қазақ ұлттық өнер университетінің дайындық курсына ақылы түрде оқуға түсті.

2018 жылы «Astana Stars», «Mega festival», «World ART» халықаралық байқау-фестивальдарында «Вокал» номинациясы бойынша I орындарға ие болды. «Шексіз шығармашылық» атты республикалық байқауға қатысып, 1-орынды алды. 2018 жылы ақын Рахат Әбдірахмановтың сөзіне жазылған, композитор Тұрсын Шәкірдің «Жүрегімде үміт барда» атты алғашқы әні жарыққа шықты.

БАЯН АСЫЛБЕКОВА



алғанда отандық стэнд атудың деңгейі өскені байқалады. Енді ең үздік нәтиже көрсеткендерді барынша қолдап, әлемдік жарыстарға жол ашу мақсаты тұр. Өйткені, бұл олимпиадалық бағыт саналады. Сондықтан, оның дамуына жан-жақты үлес қосу керек» деді Нұр-Сұлтан қаласындағы «Олимпиадалық даярлау орталығы» РМҚК директоры Андрей Могилевский.

Жарыс нәтижесінде, ерлер арасында Эдуард Ещенко, Андрей

тары бойынша да медальдар жиынтығы сарапқа салынды. Жарыста жасөспірімдер де бақтарын сынап, шеберлік шыңдауға мүмкіндік алды. Енді осы сұрмергендер қарашада тағы бас қосып, Қазақстан кубогының шешуші, яғни, төртінші кезеңінде өнер көрсетеді.

Осы жарыстың қорытындысы бойынша ұлттық құрама жасақталып, олар Хорватияда өтетін лицензиялық әлем чемпионатына баратын болады.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Шеф-редактор – Төлен ТІЛЕУБАЙ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №104

Баспаханасы: Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 8, 5-кеңсе «КОМЕК INV» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК astana.aqsham@gmail.com

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

astana.akshamy@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ